Желтоқсан 4-апта

Қаралды
22.12.2023ж
[illegible]

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Атамекен бөбекжайы
Топ: ерте жас
Балалардың жасы: 1 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 29.12.2023ж.
Педагогтың аты-жөні ______________________________

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері". "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Ойыншықтарды жинау".** Мақсат-міндеттер:балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға үйрету. Еңбексүйгіштікті | **"Топтың ішін ретке келтір"** Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, тапсырманы [illegible] мұқият орындау | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау, қолды сүлгімен сүрту ді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | ұқыптылықты қалыптастыру. | | | көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. |
| | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".** Мақсат-міндеттер. Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс. Шыршада әсемі ойыншықтар. (саусақтарды бас | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақпакты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бармақ ұшына кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді.<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.<br>(шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br>Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.к.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.к.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға, таңғы асқа отыруға бейімдеу; тамақтану мәдениетіме машықтандыру; қасықты қолда дұрыс ұстауды көрсету; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру.<br>Алақай! Ботқа пісіпті!<br>Дәмін көрсе, тәп-тәтті.<br>Қанекей, қасықпен асаймыз,<br>Ботқаны тауысамыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Таңғы сәлемдесу.<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>Дербес ойын әрекеті.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі</td><td>Дене шынықтыру</td><td>Музыка</td><td>Дене шынықтыру</td><td>Дене шынықтыру</td><td>Сенсорикадан</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | "Қармен ойнайық" Мақсат-міндеттер. Бір-бірден жүру және жүгіру жаттығуларын жасау, допты қашықтыкка оң және сол қолдармен лақтыру, сигналға тез әрекет ету, балаларды жүруге жаттықтыру, тепе-теңдікті жоғалтпау қабілеттерін бекіту; балалардың ептілік, шапшаңдық, тапқырлық қабілеттерін дамыту: дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын, спортпен шұғылдануды қалауға тәрбиелеу. | "Аққала " Мақсат-міндеттер. Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыраңқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың темåret естуін жақсарту үшін: сылдырмак, барабан, дабыл дауысын ажырату | "Пингвиндер ұкеап секірейік" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі аяқпен алға секіруді үйретуді жалғастыру. Белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру. | "Қарға секірейік" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыкқа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу. | ойын-жаттығу "Аққала" Мақсат-міндеттер. Бір уақытта екі қасиетін ажырата білу: түсін және шамасын, ересек адамның көмегімен құрастыра білу, ұсақ моториканы дамыту, айналадағы ортаға жақсылық көрсетуге тәрбиелеу, бір жұмысты аяғына дейін орындауды үйрету. |
| 2- таңғы ас | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуенге дайындық | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің | **Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық,<br>Жіңке жалаулар ілдік.<br>Желге желбіреп олар<br>Бізге қозғайым болар.<br>- Балалар, бұлар не?<br>- Жалаулардың | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді.<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді.<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы сулы булар салқын терезелер шынысына [illegible] бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттері: **"Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның терісі сұр ма? - Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар! - Қоянның қандай дене бөлшектері бар? - Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қарандаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ. Ұзын құлақ. Бұта түбінде. Қасқырға көрінбей. | түстері қандай? - Жалаулар не істейді? - Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **Жалаушалармен ойын.** Мақсат-міндеттер. | қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен** | да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ак қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**"Берi шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар | Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ұқсап қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыға бұлғауға ынталандыру.<br>*"Жалауша".*<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың | **ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру) | **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | бойымен жүруге жаттықтыру. арақашықты сақтауға баулу. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға, таңғы асқа отыруға бейімдеу; тамақтану мәдениетіне машықтандыру; қасықты қолда дұрыс ұстауды көрсету; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру.<br>Алақай! Ботқа пісіпті! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дәмін көрсе, тәп-тәтті.<br>Қанекей, қасықпен асаймыз.<br>Ботқаны тауысамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. **"Әлди - әлди" әні.** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Серке мен қой.2» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Үш қой» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Хан мен құмырсқалар» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, кайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Қолды дұрыс жуу" жаттығуы.**<br>Балаларға сабынды дұрыс ұстауға, сабынды дұрыс пайдалануға дағдыландыру. және түсіндіру. Балаларға қолды не үшін жуу керектігін түсіндіру. Тәрбиеші балаларға қол жуу тәртібін көрсету. Қолды жуып болғаннан кейін, қолды орамалмен сүртуді көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Шанамен сырғанаймыз"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс туралы ұғымдарын жалғастыра отырып, қыс қызықтарымен таныстыру, жаңа сөздермен таныстырып үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау | **"Көңіл-күй" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды негізгі көңіл-күйлерді ажыратуға, оларды атауға ынталандыру; эмоцияларды жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыкка, адмгершілікке тәрбиелеу. | | суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяк киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар кандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады. **(сөйлеуді дамыту)** | Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, кол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп калды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып калды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).** Мақсат-міндеттер: колдың ұсак моторикасын жетілдіру. | **"Сипау арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу. Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдык сыйлыктар туралы толык мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдык | **"Көңілді саусақтар" саусакка арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң колымда бес | **«Түрлі түсті шарларды домалату» ойыны** Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету. | **"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: баланы алға карай қозғалып, секіруге машықтандыру. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа. Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр». **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** | | | | |

| | |
|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын, аққала мүсіндеу жұмыстарын жасау. (**шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу**)<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (**сенсорика**)<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". |